

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
(2021 жылдың «31» тамыз, №1 хаттама)

БЕКІТЕМІН
«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі  К.Н.Абиьдасва

**Мектепалды «Айгөлек» тобында перспективалық жоспар құруға арналған өтпелі
тақырыптар
2021-2022 оқу жылы**

	Өтпелі тақырып	Мақсаты:
1	«Балабақшада»	Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.
2	«Менің отбасым»	инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.
3	«Дені саудың жаны сау»	Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.
4	«Менің Қазақстаным»	Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.
5	«Табиғат әлемі»	Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.
6	«Бізді қоршаған әлем»	Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.
7	«Салттар мен фольклор»	жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып, мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.
8	«Біз еңбекқор баламыз»	Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.
9	«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту